



"Еңбекшілдер ауданындағы коммуналдық мүлікті иеліктен айыру түрлерін таңдау бойынша өлшемдерді айқындау туралы"

Күшін жойған

Ақмола облысы Еңбекшілдер ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 26 сәуірдегі № а-5/81 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 24 мамырда № 5378 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Біржан сал ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 28 наурыздағы № а-3/126 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Біржан сал ауданы әкімдігінің 28.03.2018 № а-3/126 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен .

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес, "Жекешелендіру объектілерін сату қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы № 920 қаулысы негізінде, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Еңбекшілдер ауданындағы коммуналдық мүлікті иеліктен айыру түрлерін таңдау бойынша өлшемдерін қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары О.Т.Ахметоваға жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А.Қиықов

Еңбекшілдер аудан әкімдігінің
2016 жылғы " 26 " 04
№ а-5/81 қаулысына
қосымша

Еңбекшілдер ауданындағы коммуналдық мүлікті иеліктен айыру түрлерін таңдау бойынша өлшемдер

№ р/ р	өлшемдердің атауы	иеліктен айыру түрі

1.	Егер мемлекеттің алдағы уақытта мемлекеттік меншік объектісін бақылауда мүдделігі болмаса	Аукцион түріндегі жекешелендіру
2.	Сату шартын бекіту арқылы уақыттың қандай да бір кезеңіне мемлекет тарапынан бақылауды сақтау қажеттілігі болса (қызмет түрін сақтау, кредиторлық берешекті өтеу, еңбек ақы бойынша берешекті өтеу және басқа шарттар)	Тендер түріндегі жекешелендіру

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК